

"Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Иордан Хашимит Корольдігінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 қазандағы N 900 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимит Корольдігінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимит Корольдігінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы

2006 жылғы 29 қарашада Амман қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимит Корольдігінің Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і м е н
Иордан Х а ш и м и т К о р о л ь д і г і н і ң Ү к і м е т і а р а с ы н д а ғ ы
Инвестицияларды өз а р а к ө т е р м е л е у ж әне қ о р ғ а у т у р а л ы
келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимит Корольдігінің Үкіметі,

бір Тарап мемлекеті инвесторларының инвестицияларын екінші Тарап мемлекетінің аумағында кемсітпеушілік негізде қорғауға ниет ете отырып,

осындай инвестицияларға тиісті режим ұсыну туралы келісім жеке капиталдың Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимит Корольдігіне берілуін, сондай-ақ олардың экономикаларының дамуын ынталандыратынын тани отырып,

бір Тарап мемлекеті жеке және заңды тұлғаларының инвестициялары саласындағы экономикалық ынтымақтастығын екінші Тарап мемлекетінің аумағында кеңейтуге жәрдемдесуге тілек білдіре отырып,

осы Келісім шеңберінде инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау осы саладағы іскерлік бастамаларды ынталандыратынын сезіне отырып, инвестициялар үшін тұрақты негіз экономикалық ресурстарды тиімді пайдалануды барынша ұлғайтуға және өмір деңгейін жақсартуға үлес қосатынына келісе отырып, инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді жасасуға бел б у ы п ,

мына төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Айқындамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. "Инвестициялар" термині екінші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес бірінші Тарап инвесторының экономикалық қызметіне байланысты екінші Тарап мемлекетінің аумағында инвестицияланатын активтердің барлық түрлерін білдіреді және ол атап айтқанда, бірақ айрықша емес мыналарды:

(а) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті немесе жалға алу, ипотека, кепіл және кепілге салу сияқты кез келген мүліктік құқықтарды және соларға ұқсас құқықтарды;

(б) үлестерді, акцияларды, борыштық міндеттемелерді және компанияларға қатысудың кез келген басқа да нысандарын;

(с) ақша талаптарын немесе инвестицияларға немесе қайта инвестициялау кірістеріне байланысты келісім-шартқа сәйкес орындау талаптарын;

(д) авторлық құқықтарды, сауда маркаларын, патенттерді, өнеркәсіптік үлгілерді және техникалық үдерістерді, өсімдіктерді генетикалық деңгейде өзгерту саласындағы құқықтарды, ноу-хау сауда атауларын және гудвилді қоса алғанда, зияткерлік меншік қ ұ қ ы қ т а р ы н ;

(е) табиғи ресурстарды іздестіруге, әзірлеуге, алуға немесе пайдалануға арналған концессияларды қоса алғанда, концессияларды қамтуы мүмкін.

Өз мемлекетінің аумағында инвестицияларды қабылдайтын мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес пайда болған инвестициялар нысанының кез келген өзгерісі олардың инвестициялар ретіндегі айқындамасына әсер етпейді.

2. "Инвестор" термині бір Тарап мемлекетінің субъектісін:

екінші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес екінші Тарап мемлекетінің аумағында инвестицияларды жүзеге асыратын:

(а) кез келген Тарап мемлекетінің азаматы болып табылатын кез келген жеке т ұ л ғ а н ы ;

(б) Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес құрылған және тіркелген әрі инвестицияларды жүзеге асыруға құқылы кез келген заңды тұлғаны білдіреді.

3. "Кірістер" термині пайданы, пайыздарды, дивидендтерді, капиталдан келетін табысты, роялтиді, лицензиялық сыйақыларды және басқа да төлемдерді қоса алғанда, инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынған қаражатты білдіреді.

4. "Аумақ" термині тиісті Тарап мемлекеті халықаралық құқық нормаларына сәйкес егемендігін жүзеге асыратын және өзінің заңды құзырын қолданатын құрлықты, суды, жер қойнауын және әуе кеңістігін қоса алғанда, құрлықтағы, теңіздегі және әуе шекаралары шегіндегі Тараптардың бірінің мемлекеті аумағын білдіреді.

5. "Гудвилл" термині компанияның, фирманың материалдық өлшемге жатпайтын капиталы мен активтерін, мысалы, беделін, ықпалын, техникалық құзыретін, байланыстарын, маркетингтік жолдарын және өзгелерді білдіреді.

2 - б а п

Инвестицияларды көтермелеу және қорғау

1. Әрбір Тарап өз мемлекетінің аумағында екінші Тарап мемлекеті инвесторларының инвестицияларын көтермелейді және оларға қолайлы жағдайлар жасайды және өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес осындай инвестицияларға
р ұ қ с а т б е р е д і .

2. Әрбір Тарап өз мемлекетінің аумағында екінші Тарап мемлекетінің инвестициялары мен инвестициялардан түскен кірістеріне әділ айналым, сондай-ақ толық және тұрақты қорғау мен қауіпсіздікті ұсынады.

3. Тараптардың бірде біреуі өз мемлекетінің аумағында екінші Тарап мемлекеті инвесторларының инвестицияларын негізсіз және кемсітетін немесе жөнсіз шаралармен ұлғайтуға, басқаруға, сақтауға, пайдалануға, иеленуге, сатуға немесе басқа да иелік етуге кедергі болмайды.

3 - б а п

Құқықтық режим

1. Әрбір Тарап екінші Тарап мемлекетінің инвесторларына және олардың инвестициялары мен инвестициялардан түсетін кірістеріне ол ұлттық инвесторларға не үшінші елдің инвесторлары мен олардың инвестицияларына инвестицияларды ұлғайтуға, басқаруға, қолдауға, пайдалануға, иеленуге және сатуға немесе басқа да иелік етуге қатысты ұсынатын режимнен қолайлылығы кем емес режимді ұсынады.

2. Әрбір Тарап екінші Тарап мемлекетінің инвесторларына және олардың инвестициялары мен инвестициялардан түсетін кірістеріне осы баптың 1-тармағында айтылғандардан неғұрлым қолайлы болып табылатын режимді ұсынады.

3. Осы Келісімнің әрбір Тарабы өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес мемлекет инвесторларының қызметі шектелетін немесе жойылатын салаларды, аяларды және қызмет түрлерін айқындауға, сондай-ақ осы баптың 1-тармағында көрсетілген ұлттық режимнен басқа да алып тастауларды қолдануға және енгізуге құқылы.

4 - б а п

Босату

Осы Келісімнің ережелері Тарапты екінші Тарап мемлекетінің инвесторлары мен олардың инвестицияларына және инвестициялардан түсетін кірістеріне бар немесе болашақтағы кез келген режимнің пайдасын, преференцияны немесе;

(а) еркін сауда аймағындағы, кеден одағындағы, валюталық одақтағы, жалпы нарықтағы және кез келген Тараптың мемлекеті қатысушысы болып табылатын және мұндай одақтарға немесе осындай ұйымдарға алып келетін кез келген халықаралық келісімдегі мүшеліктің;

(b) кез келген халықаралық келісімнің немесе толықтай немесе басты түрде салық салуға қатысты Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасының нәтижесі болып табылатын артықшылықты ұсынуға міндеттеу ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

5 - б а п

Экспроприация және өтемақы

1. Кез келген Тарап екінші Тараптың мемлекеті инвесторының инвестицияларын тікелей немесе жанама экспроприациялауға немесе мемлекет иелігіне алуға немесе мына қабылданатындарды қоспағанда, кез келген мұндай шараларды (бұдан әрі - экспроприация деп аталатын):

(а) мемлекеттік және қоғамдық мақсаттарда;

(b) заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес;

(c) осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес тез, барабар және тиімді өтемақы төлей отырып қабылдауға тиіс емес.

2 . Ө т е м а қ ы :

(а) кідіріссіз төленуге тиіс. Кідіріс болған жағдайда, бұл кідірістің нәтижесі болып табылатын валюталық бағамға байланысты кез келген залалды қабылдаушы Тарап көтеретін болады;

(b) экспроприацияны жүзеге асыру күнінің алдыңғы күніне экспроприацияланған инвестициялардың әділ нарықтық құнына теңдесуге тиіс. Әділ нарықтық құн экспроприация туралы бұрын көпшілікке белгілі болғаны салдарынан құндағы қандай да бір өзгерісті көрсетпеуге тиіс;

(c) толығымен сатылатын және еркін аударылатын болуы;

(b) экспроприация күнінен бастап іс жүзіндегі төлем күніне дейін төлем валютасы үшін нарықтық негізде белгіленген коммерциялық ставка бойынша пайызды қамтуға тиіс.

3. Екінші Тараптың экспроприациясынан зардап шеккені туралы мәлімдеген кез келген Тарап мемлекетінің инвесторы осы баптың ережелеріне сәйкес оның инвестицияларын бағалау мен өтемақы төлеуді қоса алғанда, алғашқы Тараптың сот органы немесе басқа да құзыретті және тәуелсіз органы оның ісін жедел қайта қарауына құқығы болуға тиіс.

6 - б а п

Залалдарды өтеу

1. Бір Тарап мемлекетінің екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы инвестициялары соңғы Тарап мемлекетінің аумағындағы соғыстың немесе басқа да қарулы қақтығыстардың, бүліктің, көтерілістің, бүліншіліктің салдарынан шығын шеккен

инвесторларына соңғы Тарап реституцияға, өтеуге, өтемақыға немесе басқа да реттеуге қатысты соңғы Тарап өз инвесторларына немесе инвестор үшін неғұрлым қолайлы болып табылатын кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларына ұсынатыннан қолайлылығы кем емес режим ұсынады.

2. 1-тармақта айтылған кез келген жағдайда залал шеккен Тарап мемлекетінің кез келген инвесторы мыналардың:

(а) екінші Тарап мемлекетінің күштерінің немесе биліктерінің оның инвестицияларын немесе оның бөлігін тәркілеуі, немесе

(b) инвестицияларын немесе оның бөлігін екінші Тарап мемлекетінің күштерінің немесе биліктерінің жағдайдың қажеттілігімен талап етілмеген бұзуы салдарынан залалға ұшырайды, оған соңғы Тарап кез келген жағдайда жылдам, барабар және тиімді болуы тиіс кез келген жағдайда реституция немесе өтемақы береді.

Бұл ретте, өтем 5-баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

7 - б а п

Аударымдар

1. Әрбір Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес екінші Тарап мемлекетінің инвесторларына өз аумағына және одан олардың инвестицияларын және инвестицияларға қатысты төлемдерін аударуды қамтамасыз етеді. Мұндай төлемдер атап айтқанда, бірақ айрықша емес мыналарды:

(а) бастапқы капиталды және салымды қолдау немесе ұлғайту үшін қосымша с о м а н ы ;

(b) к і р і с т е р д і ;

(c) инвестицияларды толық немесе ішінара сатудан алынған түсімді;

(d) несие төлеуді қоса алғанда, келісім-шартқа сәйкес жүзеге асырылатын т ө л е м д е р д і ;

(e) 5 және 6-баптарға сәйкес төленетін өтемақыны;

(f) даудан туындаған төлемдерді;

(g) шетелде жалға алынған және инвестицияларға байланысты жұмыс істейтін персоналға жалақыны және басқа да сыйақыларды қамтуға тиіс.

2. Әрбір Тарап осы баптың 1-тармағында аталған аударымдарды аумағында инвестициялау жүзеге асырылатын мемлекет Тарабының аудару күнінде қолданылатын нарықтық валюталық бағамы бойынша еркін айырбасталымды валютада аударымды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

3. Шетел валютасы үшін қолданылатын бағаммен айырбастау нарығы болмаған кезде валюталарды Халықаралық валюта қорының қарыз алудың арнайы құқығына аударуға арналған соңғы валюта бағамы қолданылатын бағам болуға тиіс.

4. Кез келген Тарап осы баптың 1, 2 және 3-тармақтары үшін залалсыз мыналарға қатысты өз мемлекетінің заңнамасын әділ, кемсітушіліксіз және адал қолдану арқылы а у д а р у д ы ш е к т е у і м ү м к і н :

- (a) кредиторлардың банкроттығы, төлем қабілетсіздігі немесе құқықтарын қорғау;
(b) бағалы қағаздарды және туынды қаржы құралдарын шығару, олармен сауда немесе операциялар жасау;
(c) құқық бұзушылықтар;
(d) заңнаманы жүзеге асыруға немесе қаржылық бақылау органына жәрдемдесу қажет болғанда қаржылық есептілік немесе аударымдарға есеп жүргізу;
(e) сот немесе әкімшілік үрдістерде бұйрықтарды немесе сот шешімдерін орындауды қамтамасыз ету;
(f) салықтарды және басқа міндетті төлемдерді төлемеу.

8 - б а п

Суброгация

Тарап немесе оның уәкілетті органы екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы инвестордың инвестицияларына қатысты берілген өтеу, кепілдік немесе сақтандыру келісім-шартына сәйкес төлемдерді жүзеге асыратын болса соңғы Тарап олардың алдыңғысы сияқты осындай шарада кез келген құқықтар мен талаптар суброгацияларына байланысты жүзеге асыру үшін алғашқы Тарапқа немесе ол айқындаған органға осы инвестордың кез келген құқықтары мен талаптарына өтуін тануы тиіс.

9 - б а п

Инвестор мен Тарап арасындағы даулар

1. Бір Тарап пен екінші Тараптың инвесторлары арасындағы инвестицияларға қатысты кез келген дау мүмкіндігіне қарай екі тарап арасында достық тұрғыда шешілуі тиіс.

2. Егер дау ол жазбаша нысанда туындаған күнінен бастап 6 ай ішінде шешілмесе, инвестордың немесе Тараптардың бірінің таңдауы бойынша дау:

(a) инвестиция жүзеге асырылатын мемлекет аумағында Тараптардың құзыретті сотына, немесе

(b) егер қол жетімді болса, Вашингтон қаласында 1965 жылғы 18 наурызда қол қою үшін ашылған мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғалары арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы конвенцияға сәйкес құрылған Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықтың (бұдан әрі - Орталық) төрелігіне, немесе

(c) егер Тараптардың бірі осы тармақтың (b) тармақшасында көрсетілген Конвенцияға қатысушы болып табылса, Халықаралық Орталықтың қосымша қызметтеріне сәйкес төрелікке; немесе

(d) дауда Тараптар өзгеше келіспесе, Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) төрелік тәртібіне сай құрылатын кез-келген "ad hoc" төрелік сотына қарауға жіберілуі мүмкін.

3. Дауды ұлттық соттың қарауына жіберген инвестор, егер ұлттық соттың қарау

мәні бойынша шешім шығарғанға дейін инвестор ұлттық сот рәсімдері арқылы істі одан әрі жалғастырмауды жарияласа және істі қайтарып алса, осы баптың 2-тармағы (б) тармақшасында немесе 2-тармақтың (с) тармақшасында айтылған төрелік соттардың біріне де жүгіне алады.

4. Кез келген Төрелік осы бапқа сәйкес, даудағы кез келген Тараптың өтініші бойынша Нью-Йоркта 1958 жылғы 10 маусымда қабылдаған шетел төрелік шешімдерін тану және орындауға келтіру туралы конвенциясының (бұдан әрі - Нью-Йорк конвенциясы) тараптары болып табылатын мемлекетте жүргізіледі. Осы бапқа сәйкес төрелікке ұсынылған талаптар Нью-Йорк конвенциясы 1-бабының мақсатына арналған коммерциялық (сауда) қатынастырынан немесе шарттардан туындаған ретінде қарастыру керек.

5. Осымен әрбір Тарап осы бапқа сәйкес төрелікте оның және басқа Тараптың инвесторы арасындағы дауларды ұсынуға өзінің келісімін береді.

6. Шешім даудағы тараптар үшін түпкілікті және міндетті болуға тиіс әрі сол аумағындағы Тарап мемлекетінің құзыретті органы шешімді жүзеге асыратын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес орындалуы тиіс.

1 0 - б а п

Тараптар арасындағы дауларды шешу

1. Тараптар арасындағы осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар мүмкіндігінше келіссөздер және консультациялар жолымен шешіледі.

2. Егер дау мұндай келіссөздерді кез келген Тарап жазбаша нысанда сұратқан күннен бастап алты (6) ай ішінде осылайша шешілмейтін болса, ол кез келген Тараптың өтініші бойынша төрелік соттың қарауына ұсынылуы тиіс.

3. Осындай төрелік сот әрбір жеке іс үшін мынадай түрде құрылуы тиіс. Төрелік туралы өтініш алынғаннан кейін екі (2) ай ішінде әрбір Тарап соттың бір мүшесін тағайындайды. Содан кейін осы екі мүше Тараптар мақұлдаған соң екі басқа мүшені тағайындаған күннен бастап төрт (4) ай ішінде тағайындалуы тиіс үшінші мемлекеттің азаматын төраға етіп таңдауы тиіс.

4. Егер қажетті тағайындаулар осы баптың 3-тармағында айқындалған кезең ішінде жасалмаса, кез келген Тарап кез келген басқа келісімдер болмаса БҰҰ Халықаралық сотының төрағасын қажетті тағайындауларды жасауға шақырады. Егер төраға кез келген Тараптың азаматы болып табылса немесе өзге де мән-жай көрсетілген функцияны орындауға кедергі келтірсе, онда кез келген Тараптың азаматы болып табылмайтын немесе өзге де мән-жай көрсетілген функцияны орындауға кедергі келтірмейтін БҰҰ Халықаралық сотының шені бойынша одан дейінгі мүшесі қажетті тағайындауларды жасауға шақырылуға тиіс.

5. Төрелік сот өзінің шешіміне басым дауыспен қол жеткізеді. Сот шешімі екі Тарап үшін де түпкілікті және міндетті болуы тиіс. Әрбір Тарап өзі тағайындаған мүше мен төрелік процесіндегі өз өкілдігінің шығыстарын көтереді. Екі Тарап төраға

шығыстарын тең үлеспен, сондай-ақ басқа да шығыстарды өзіне алады. Сот шығыстарды бөлуге қатысты басқа да шешім қабылдауы мүмкін. Барлық қалған қатынастарда төрелік сот өзінің жеке рәсімдер тәртібін айқындайды.

6. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген дауларға жататын даулы мәселелер осы Келісімнің ережелеріне және жалпы танылған халықаралық құқық қағидаттарына сәйкес шешілуге тиіс.

11-бап Шығыстар

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген болса, Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

1 2 - б а п

Басқа ережелер мен арнайы міндеттемелерді қолдану

1. Егер осы Келісімде көзделген құқықтар екі Тарап қатысушылар болып табылатын басқа да халықаралық келісіммен бір уақытта реттелетін болса, Тарапқа да, екінші Тарап мемлекетінің аумағында инвестицияларды жүзеге асыратын оның кез келген инвесторына да оның жағдайы үшін неғұрлым қолайлы ережелерді өз мүдделерінде қолдануға ештеңе де кедергі жасамауы тиіс.

2. Егер бір Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына және келісім-шарттардың реттелуіне немесе басқа да арнайы шарттарына сәйкес екінші Тарап мемлекетінің инвесторларына берген режим осы Келісімге сәйкес берілгеннен гөрі неғұрлым қолайлы болса, онда соңғы Тарап инвесторларына неғұрлым қолайлы режим беріледі.

1 3 - б а п

Осы Келісімнің қолданылуы

Осы Келісім күшіне енгенге дейін және одан кейін екінші Тарап мемлекетінің аумағында кез келген Тараптың инвесторлары жүзеге асырған барлық инвестицияларға осы Келісім қолданылады, бірақ осы Келісім күшіне енгенге дейін туындаған және (немесе) реттелген инвестицияларға жататын кез келген дауға немесе талапқа қолданылмауы тиіс.

1 4 - б а п

Ашықтығы

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың ешқайсысына Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес инвесторлар мен олардың инвестициялары туралы ақпаратты қоса алғанда, кез келген қорғалатын ақпаратқа қол жеткізуді ұсынуды міндеттемейді.

1 5 - б а п

Консультациялар

Тараптар кез келген Тараптың өтініші бойынша осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген даулы мәселе бойынша консультациялар жүргізеді.

Консультацияларды өткізу орны мен уақыты дипломатиялық арналар арқылы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарымен келісіледі.

1 6 - б а п

Өзгерістер енгізу, күшіне ену және қолданысын тоқтату

1. Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімдері бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамамен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2. Осы Келісім Тараптар күшіне ену үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдердің аяқталғаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен кейінгі екінші айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

3. Осы Келісім 10 жыл мерзімге жасалады және ол өткен соң автоматты түрде кейінгі он жылдық мерзімге ұзартылады әрі екінші Тараптың осы Келісімінің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанындағы хабарламасын бірінші Тарап алған күнінен бастап он екі ай өткенге дейін күшінде болады.

4. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған күнге дейін жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты 1-15-баптарының ережелері осы Келісім тоқтатылған күнінен бастап кейінгі 10 жыл мерзімде күшінде қалады.

Амман қаласында 2006 жылғы қарашаның 29-да екі данада қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық мәтіндер тең түпнұсқалы. Осы Келісімнің ережелері әр түрлі түсіндірілген жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Иордан Хашимит Корольдігінің

Үкіметі үшін